

**8D04101-Экономика білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантураға түсушілерге арналған емтихан сұрақтары**

**1-ші деңгей**

1. Өндірістегі «балама құн» ұғымын мысал келтіре отырып, түсіндіріңіз және балама құнды кәсіпорын қызметінде анықтаудың қажеттілігі неде екендігіне тоқталыңыз.
2. «Сұраныстың көлемінің өзгеруі» мен «сұраныстың өзгеруі» ұғымдарының мәнін салыстыра отырып түсіндіріңіз.
3. Сұраныстың икемділігі ұғымына анықтама беріңіз, оның түрлеріне тоқталыңыз.
4. Фирманың өндіріс шығындары ұғымына анықтама беріңіз, олардың түрлерін қарастырыңыз.
5. Сұраныстың бағалық икемділігіне анықтама беріңіз, сұраныстың бағалық икемділігіне байланысты сұранысы қалай ажыратылатындығына тоқталыңыз. Сұраныстың бағалық икемділігі мен түсімнің арасында қандай байланыс бар екендігін түсіндіріңіз.
6. Сұраныстың табыс бойынша икемділігіне анықтама беріңіз, табыс икемділігіне байланысты тауар сипаттарын атаңыз.
7. Өндіріс ауқымынан болатын өспелі, кемімелі, тұрақты үнемдеу ұғымдарына тоқталып, оларды нақты мысалмен ажыратып көрсетіңіз.
8. Нарықта тапшылығының және артықшылықтың орын алуының себептерін түсіндіріңіз.
9. Бәсеке жағдайына байланысты нарықтың құрылымдарына тоқталып, оларға сипаттама беріңіз.
10. Жетілген бәсеке жағдайында фирма қысқа мерзімде пайда табады, ал ұзақ мерзімде оның экономикалық пайдасының болмау себебін түсіндіріңіз.
11. Монополия нарығындағы салаға кіру және саладан шығу кедергілерін атап, оларды түсіндіріп беріңіз.
12. Баға дискриминациясы ұғымын түсіндіріп, оны қолдану арқылы фирма қандай артықшылықтарға ие болатындығын қарастырыңыз.
13. Жетілген бәсеке нарығы мен монополия нарықтарының белгілерін салыстыра отырып талдаңыз.
14. Монополия нарығының артықшылығы мен кемшіліктеріне, қоғамға тигізетін зиянына тоқталыңыз.
15. Монополия, жетілген бәсеке және монополиялық бәсеке нарықтарының белгілері бойынша салыстырмалы талдау жасаңыз.
16. Дуополия нарығында бәсекелесуші фирмалардың дербес шешім қабылдаудың қандай салдары болатындығын түсіндіріп беріңіз.
17. Нарық дәрменсіздігі немесе нарықтың осал тұстарының орын алу жағдайларына тоқталыңыз және ол жағдайдың салдарын түсіндіріңіз.

18. Жалпы ішкі өнім ұғымына анықтама беріңіз. Атаулы және нақты жалпы ішкі өнім көрсеткіштерінің ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
19. Жиынтық сұранысты құраушы компоненттерді атаңыз. Жиынтық сұраныс қисығы (AD) теріс көлбеулі орналасады, оның себептерін атаңыз және олардың әсер ету механизмдерін түсіндіріңіз.
20. Кейнс теориясы бойынша қысқа мерзімдегі экономиканың ерекшелігіне сипаттама беріңіз. Қысқа мерзімдегі жиынтық ұсыныс моделін құрып, оны түсіндіріңіз.
21. Классикалық теория бойынша ұзақ мерзімдегі экономиканың ерекшелігіне сипаттама беріңіз. Ұзақ мерзімдегі жиынтық ұсыныс моделін құрып, оны түсіндіріңіз.
22. AD–AS үлгісін қолдана отырып, макроэкономикалық тепе-теңдіктің орын алу жағдайын түсіндіріңіз.
23. Экономикалық цикл ұғымына анықтама беріңіз. Экономиканың циклді түрде даму себептерін түсіндіріңіз. Экономикалық цикл сатыларына сипаттама беріңіз.
24. Инфляция ұғымына анықтама беріңіз, инфляцияның түрлерін қарастырыңыз. Инфляцияның орын алу себептері мен салдарына тоқталыңыз.
25. Жұмыссыздық ұғымына анықтама беріңіз, жұмыссыздықтың түрлерін қарастырыңыз. Жұмыссыздықтың орын алу себептері мен әлеуметтік-экономикалық салдарына тоқталыңыз.
26. Макроэкономикадағы жинақтау ұғымын түсіндіріңіз, оның түрлерін ажыратыңыз. Үй шаруашылығын жинақтауының негізгі себептерін атаңыз.
27. Тұтыну мен жинақтаудың арақатынасына тоқталыңыз, олардың функцияларын көрсетіңіз. Тұтыну мен жинақтаудың динамикасына әсер ететін факторларға тоқталып, олардың әсер ету салдарын түсіндіріңіз.
28. Макроэкономикадағы инвестиция ұғымына анықтама беріңіз, типтерін атаңыз. Инвестицияның динамикасы мен тұрақсыздығына әсер ететін факторларды атаңыз, олардың әсер ету механизмдерін түсіндіріңіз.
29. Игіліктер нарығындағы инвестиция мен жинақтаудың өзара байланысына тоқталыңыз. Тауар нарықтарындағы теңдестіктің қалыптасу механизмін түсіндіріңіз.
30. Ақша нарығындағы сұраныс пен ұсыныс ұғымдарына тоқталыңыз. Ақша нарығындағы теңдестіктің қалыптасу механизмін түсіндіріңіз.
31. Кейнстік теорияға сәйкес, ақшаны қолма-қол түрде ұстаудың себептеріне тоқталыңыз. Қолма-қол ақшаға сұраныстың балама шығындарына тоқталыңыз.
32. Экономикалық өсу ұғымына анықтама беріңіз, экономикалық өсудің факторлары мен модельдері туралы айтыңыз.

33. Ашық экономика. Сыртқы сауданың мақсаты мен құралдарына тоқталыңыз. Сыртқы сауданың жүзеге асуына қатысты теориялық тұжырымдарға тоқталыңыз.
34. Еркін сауданың мәні, оны жақтайтын және оған қарсы пікірлер туралы айтыңыз. Протекционизмнің артықшылығы мен кемшіліктеріне тоқталыңыз.
35. Валюта бағамдарының түрлері, оларға әсер ететін факторлар туралы айтыңыз. Валюта саясатының мақсатына тоқталыңыз.
36. Ғылымның жүйе ретіндегі анықтамасынан ғылым моделінің құрамдас бөліктерін бөліңіз.
37. Ғылыми зерттеуді жүргізу нәтижелеріне қойылатын әдіснамалық талаптарды атаңыз.
38. Ғылыми зерттеудің негізгі белгілерін көрсетіңіз.
39. Ғылыми білімдер жүйесі ретіндегі ғылымға қойылатын спецификалық талаптарды көрсетіңіз.
40. «Әдістеме» терминін ғылыми білім деңгейіне қолданыңыз.
41. Ғылыми зерттеу үдерісінің сатыларын көрсетіңіз.
42. Гипотезаларды құру сатыларын көрсетіңіз.
43. Білім функцияларын сипаттаңыз.
44. Детерминизм қағидасын сипаттаңыз.
45. Ғылыми зерттеулерді жүргізуге қойылатын әдіснамалық талаптарды көрсетіңіз.
46. Теріске шығару заңын сипаттаңыз.
47. Сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге көшу заңын көрсетіңіз.
48. Жүйелік талдаудың негізгі кезеңдерін көрсетіңіздер.
49. Диалектика категорияларын келтіріңіздер.
50. Зауытаралық талдауды жүргізудің негізгі сатыларын көрсетіңіздер.
51. Қаржылық талдау моделдерінде негізгі көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты көрсетіңіздер.
52. Маманның тәжірибесі мен индукцияны пайдалануды белсендіруге бағытталған әдістерді сипаттаңыздар.
53. Дамыған теория құрылымының болжамын атаңыздар.
54. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды болжамдау әдісін сипаттаңыздар.
55. Ғылыми зерттеулер технологиясын көрсетіңіздер.
56. Зауытаралық салыстырмалы талдаудың артықшылықтарын сипаттаңыздар.
57. Элиминенттеу тәсілдерін сипаттаңыздар.
58. Қаржылық талдау әдісінің артықшылықтарын сипаттаңыздар.
59. Қаржылық талдау бағыттары бойынша көрсеткіштер топтарын қарастырыңыздар.
60. Жүйелік талдауды жүргізу сатыларын көрсетіңіздер.
61. Салыстырмалы және орташа шамалар әдістерін сипаттаңыздар.
62. Экономикадағы индекстік әдістің ерекшеліктерін сипаттаңыздар.
63. Талдаудың математикалық әдістерін сипаттаңыздар.

64. Экономикалық-математикалық модельдеуді экономикалық қызметті зерттеу тәсілі ретінде келтіріңіздер.
65. Экономикалық зерттеулердегі математикалық статистика әдісін сипаттаңыздар.
66. Статистикалық кестелерді сипаттаңыздар.
67. Экономикалық міндеттерді шешудің математикалық әдісі ретінде запастарды басқару жүйесін көрсетіңіздер.
68. Жүйелік талдауды жүргізудің негізгі сатыларын көрсетіңіздер.
69. Ғылым моделінің құрамды бөліктерін атаңыздар.
70. Тұжырымдаманың болуы жауап беретін сұрақтарды тізімдеңіз.
71. Макроэкономикалық талдау кезеңдерін атаңыз
72. «Нарықтағы сұраныс» және «нарықтағы ұсыныс» ұғымдарының мәнін түсіндіріңіз
73. Макроэкономикалық көрсеткіштер түрлерін қарастырыңыз
74. Ашық экономикалық жүйедегі макроэкономикалық элементтердің құрауыштарын түсіндіріңіз
75. Өндіріс шығындары мен олардың түрлеріне тоқталып, сипаттама беріңіз
76. Классикалық макроэкономикалық тепе-теңдіктің мәнін түсіндіріңіз
77. Макроэкономикадағы баға индекстерін атаңыз және олардың қандай мақсатта қолданылатындықтарын түсіндіріңіз
78. Бюджет-салық саясатының түрлеріне тоқталыңыз
79. Бағалы қағаздар нарығының атқаратын қызметін түсіндіріңіз
80. Мемлекеттің ақша-несие саясатының мақсаты мен құралдарын түсіндіріңіз
81. Банк жүйесінің құрылымын атаңыздар
82. Ғылыми зерттеу нәтижелеріне қойылатын әдіснамалық талаптарды ұсыныңыз: фактілерді тексеру
83. Ғылыми зерттеудің басты белгісі ретінде "жаңашылдық пен өзіндік ерекшелікті" көрсетіңіз
84. "Әдістеме" терминіне қатысты жалпы, жеке әдіснамалар мен әдіснамалық тәсілдерді ашып көрсетіңіз
85. Әдіснамалық тұжырымдаманы сипаттаңыз
86. Әлеуметтік-экономикалық болжау объектілерін атаңыз
87. Қазіргі ғылым әдіснамасы тұрғысынан ғылыми зерттеулердің ерекшеліктерін атаңыз
88. Ғылымды жіктеу мәселесін барлық ғылыми білімнің құрылымы ретінде сипаттаңыз
89. Ғылыми зерттеулер контекстінде дәлел келтіріңіз
90. Абсолютті және салыстырмалы негіздемені ұсыныңыз
91. Экономикадағы баланстық зерттеу әдісін сипаттаңыз
92. Экстраполяция әдісін сипаттаңыз
93. Салаға кіру және шығу кезіндегі монополиялық нарықтағы кедергілерді көрсетіңіз, түсіндіріңіз

94. Негізгі белгілері бойынша жетілген бәсеке нарығы мен монополия нарығын салыстырыңыз
95. Монополиялық нарықтың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңіз, оның қоғамға кері әсерін ашыңыз
96. Сұраныс икемділігі түсінігі мен түрлерін ашып беріңіз, оның түрлеріне тоқталыңыз
97. Макроэкономикалық көрсеткіштердің негізгі түрлерін сипаттаңыз
98. Сұраныстың табыс бойынша икемділігі мәнін ашыңыз. Табыс икемділігіне байланысты тауар сипаттарын атаңыз
99. Нарықтағы тапшылық және артықшылықтың орын алуының себептерін көрсетіңіз. Мысал келтіріңіз
100. Жалпы ішкі өнім анықтамасын тұжырымдаңыз. Атаулы және нақты жалпы ішкі өнім көрсеткіштерінің ерекшеліктеріне тоқталыңыз
101. «Инфляция» ұғымына анықтама беріңіз, инфляцияның түрлерін қарастырыңыз. Инфляцияның орын алу себептері мен салдарына көрсетіңіз
102. Макроэкономикадағы жинақтау ұғымын түсіндіріңіз, оның пайда болу көздері мен формаларын ажыратыңыз. Үй шаруашылығын жинақтауының негізгі себептерін атаңыз
103. Игіліктер нарығындағы инвестиция мен жинақтаудың өзара байланысын анықтаңыз. Тауар нарықтарындағы теңдестіктің қалыптасу механизмін түсіндіріңіз
104. «Экономикалық өсу» ұғымы мен оның факторларын мәнін ашыңыз. Экономикалық өсудің модельдері туралы айтыңыз
105. Ғылыми зерттеу үдерісінің кезеңдерін көрсетіп, оларды сипаттаңыз
106. Гипотезаларды құру кезеңдерін көрсетіңіз
107. Білім функцияларын, түрлерін, мәнін сипаттаңыз
108. Жүйелік талдаудың мәнін ашып, негізгі кезеңдерін көрсетіңіздер
109. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды болжам әдісін сипаттаңыз
110. Экономикалық талдаудағы элиминенттеу тәсілдеріне сипаттама беріңіз
111. Салыстырмалы және орташа шамалар әдістеріне сипаттама беріңіз
112. Экономикалық зерттеулердегі математикалық статистика әдісінің мәнін ашыңыз
113. Статистикалық мәліметтерді көрсетудің кестелік әдісін сипаттаңыздар
114. Жүйелік талдаудың негізгі қадамдарын сипаттаңыз
115. Қаржылық талдау моделдерінде негізгі көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты көрсетіңіздер. Жауапты негіздеңіз
116. Макроэкономикалық талдаудың негізгі әдістерін атаңыз және оларға қысқаша сипаттама беріңіз
117. Ұлттық шоттар жүйесінің (ҰШЖ) негізгі көрсеткіштерін атаңыз

118. Ашық экономиканың негізгі субъектілерін және олардың қызметтерін атаңыз
119. Өнімділіктің төмендеу заңын сипаттаңыз
120. Ақшаның мәнін, қызметтерін және оның сатып алу қабілетінің мәнін ашыңыз
121. Жиынтық ұсынысқа әсер ететін негізгі факторларды атаңыз
122. Ұлттық экономиканың негізгі секторларын және олардың ерекшеліктерін атаңыз
123. «Жинақ» ұғымына анықтама беріңіз және оның негізгі түрлерін атаңыз
124. Экономикалық даму мен экономиканың теңгерімділігінің мәнін ашыңыз
125. Бағалы қағаздардың негізгі түрлерін және олардың сипаттамаларын атаңыз
126. Қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдегі шығындарды атаңыз
127. Шығындар әдісі бойынша жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) құрамын ашыңыз? Негізгі компоненттерді тізімдеңіз
128. Мемлекеттің валюталық саясатының негізгі құралдарын атаңыз
129. Номиналды және нақты ЖІӨ арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз. Жауабыңызды дәлелдеңіз
130. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен мемлекеттік қарыздың айырмашылығын талдап, олардың өзара байланысы мен экономикалық маңызын түсіндіріңіз
131. Ғылыми зерттеудің басты белгісі ретінде «жаңашылдық пен өзіндік ерекшелікті» көрсетіңіз
132. Ғылыми білімнің негізгі белгілерін атаңыз
133. «Әдістеме» терминіне қатысты жалпы, жеке әдіснамалар мен әдіснамалық тәсілдерді ашып көрсетіңіз
134. «Білім» ұғымына анықтама беріңіз және оның негізгі түрлерін атаңыз
135. Мәліметтердің қысқаша мазмұны мен топтамасын сипаттаңыз
136. Әлеуметтік-экономикалық болжамдардың негізгі түрлерін атаңыз
137. «Ғылыми таным» ұғымына анықтама беріңіз
138. Индуктивті және дедуктивті әдістерді анықтаңыз
139. Абсолютті және салыстырмалы негіздемені ұсыныңыз
140. Баланстық әдіске анықтама беріңіз және оның қолданылу салаларын атаңыз
141. Жүйелік тәсілдің философиялық, логикалық, әдістемелік және эпистемологиялық негіздерін сипаттаңыз

## 2-ші деңгей

1. Өндірістік мүмкіндіктер қисығын салыңыз және оның не үшін қолданылатындығын түсіндіріңіз.

2. Сұраныс пен ұсыныстың функцияларына тоқталыңыз. Нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың теңдестігін график арқылы түсіндіріңіз. Нарықта артықшылық пен тапшылықтың орын алу себептерін айтыңыз.
3. Икемділікке қатысты сұраныс және ұсыныс қисықтарын салыңыз. Икемділік түрлерін график бойынша түсіндіріңіз. Икемділіктің практикалық маңыздылығына тоқталыңыз.
4. Тұтынушының және өндірушінің теңдестік жағдайларының қалыптасу механизмін график арқылы көрсетіңіз және түсіндіріңіз.
5. Жетілген бәсеке нарығындағы фирманың мейлінше көп пайда табу шартын алгебралық және графикалық әдісті қолдана отырып түсіндіріңіз.
6. Жетілген бәсеке нарығындағы фирманың өндірісін жалғастыру жағдайын шығындар және шекті түсім қисықтарын қолдана отырып көрсетіңіз.
7. Жетілген бәсеке нарығындағы фирманың зиянға ұшырағанына қарамастан, салада қалу жағдайын шығындар және шекті түсім қисықтарын қолдана отырып көрсетіңіз.
8. Жетілген бәсеке нарығындағы фирманың саладан кету жағдайын көрсетіңіз. Жауабыңызды графикпен түсіндіріңіз.
9. Дуополия нарығындағы тәуелсіз шешім қабылдайтын кез-келген екі фирма үшін «Тұтқындар дилеммасы» моделін құрыңыз және оған талдау жасаңыз.
10. Жетілген бәсеке, монополия, монополиялық бәсеке және олигополия нарықтарының сипаттамасын сызба түрінде көрсетіңіз, оларға салыстырмалы талдау жасаңыз.
11. Сыртқы әсерлердің мәні, түрлері және ықпалына тоқталыңыз. Сыртқы оң әсердің ықпалын арттыру және теріс әсердің ықпалын бәсеңдету жолдарын қарастырыңыз.
12. «Табыс-шығын» үлгісін негізге ала отырып, табыстың сыртқа кетуі сырттан келуі ұғымдарын түсіндіріңіз, оларға мысал келтіріңіз.
13. Жалпы ішкі өнімді шығындар бойынша есептеу әдісін түсіндіріңіз, оны есептеуде экономикалық агенттердің қандай шығындары есепке алынатындығына тоқталыңыз.
14. Жалпы ішкі өнімді табыстар бойынша есептеу әдісін түсіндіріңіз, оны есептеуде экономикалық агенттердің қандай табыстары есепке алынатындығына тоқталыңыз.
15. Макроэкономикадағы баға индекстеріне тоқталыңыз. ЖІӨ дефляторын мәнін ашыңыз және есептеу әдістемесін түсіндіріңіз.
16. Таза ішкі өнім, ұлттық табыс, жеке табыс және қолда бар табыс көрсеткіштерінің макроэкономикалық мәнін түсіндіріңіз, есептеу әдістемелерін көрсетіңіз.
17. Макроэкономикадағы жалпы жинақтаудың ұлттық жинақтаудың мәні мен құрамы. Жеке, мемлекеттік және сыртқы жинақтардың есептеу әдістемесін қарастырыңыз.

18. Макроэкономикадағы сілкіністер. Жиынтық ұсыныстың жағымды және жағымсыз сілкіністері туралы айтыңыз. Сілкіністі тудыратын факторларға мысал келтіре отырып, AD-AS моделінде орын алатын өзгерістерді көрсетіңіз.
19. Экономикадағы цикл сатыларын график арқылы түсіндіріңіз. Экономикалық циклдің түрлі сатыларында экономикада орын алатын жағдайларға талдау жасаңыз.
20. Жұмыс күшінің құрамына тоқталыңыз. Жұмыссыздықтың деңгейін есептеу әдістемесін көрсетіңіз. Жұмыссыздық пен инфляция арасындағы байланысты Филлипс қисығы арқылы түсіндіріп беріңіз.
21. Инфляциямен күресуде «сілкіністі терапия» және біртіндеп күресу әдістерінің қолданылу жағдайларын қарастырыңыз және олардың салдарын түсіндіріңіз.
22. Салықтық ставка мен мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық түсімдер арасындағы байланысты Лаффер қисығы арқылы көрсетіңіз, мысал келтіре отырып, талдау жасаңыз.
23. IS-LM үлгісін қолдана отырып, тауар-ақша нарығындағы теңдестіктің қалыптасу механизмін қарастырыңыз.
24. Проценттік ставка мен инвестиция арасындағы тәуелділікті алгебралық және графикалық әдіспен түсіндіріңіз.
25. Оукен заңын жазыңыз. Оукен заңы бойынша жұмыссыздық пен ЖІӨ арасында қандай байланыс бар екендігін түсіндіріңіз.
26. Инвестиция және жинақтау функциясын пайдалана отырып, IS қисығын салыңыз және IS қисығының мәнін түсіндіріңіз.
27. Кейнс қресін пайдалана отырып, IS қисығын салыңыз. IS қисығы орын ауыстыруына әсер ететін факторларды түсіндіріңіз.
28. Бюджет-салық саясатының мақсаты мен құралдары. Экономикадағы циклдік ауытқулар кезінде ынталандырушы және тежеуші бюджет-салық саясатын жүргізу ерекшеліктеріне тоқталыңыз және олардың мүмкін салдарын сипаттаңыз.
29. Ақша-несие саясатының мақсаты мен құралдары. Монетарлық экспансияны және монетарлық рестрикцияны жүргізудің мақсаты мен ерекшеліктеріне тоқталыңыз және олардың мүмкін салдарын сипаттаңыз.
30. Ақшаның сандық теориясының  $MV=PY$  негізгі теңдеуін қолдана отырып, тауар мен ақша нарықтарындағы өзара арақатынасты қарастырыңыз.
31. Неоклассикалық мектептің өкілі Р.Солоудың экономикалық өсу моделінің алғышарттарын, факторларын қарастырыңыз.
32. Елдің төлем балансының макроэкономикалық мәнін ашыңыз, оның құрылымы мен бөлімдерінің өзара байланысын түсіндіріңіз.
33. Лернер және Хиршман-Херфиндаль индекстерінің есептеу әдістемесін көрсетіңіз және мағыналарын түсіндіріп беріңіз.
34. Орталық банктің міндетті резервтеу нормасын өзгерту арқылы Орталық банктің ақша ұсынысына әсері туралы қорытынды жасаңыз.

35. Ақша ұсынысы, ақша базасы және ақша мультипликаторы көрсеткіштері туралы айтыңыз, оларды есептеу әдістемесін көрсетіңіз.
36. Ғылыми білімді жіктеңіздер.
37. Деңгейі бойынша танымды жіктеңіздер.
38. «Нарықтық экономикалық жүйе» түсінігін жіктеңіздер.
39. Зерттеу деңгейлерін жіктеңіздер.
40. Гипотезаның түрлерін жіктеңіздер.
41. Дәлелдердің түрлерін жіктеңіздер.
42. Экономикалық талдау түрлерін жіктеңіздер.
43. Статистикалық бақылауды жіктеңіздер.
44. Абстрактілі ойлаудың негізгі формаларын тізімдеңіз.
45. Экономика-математикалық әдістерді жіктеңіздер.
46. Танымның негізін анықтаңыздар.
47. Ғылым логикасының негізгі мәселелерін анықтаңыздар.
48. Әдістемелік білім деңгейлерін талдаңыздар.
49. Эмпирикалық және теориялық деңгейлерде қолданылатын әдістерді белгілеңіздер.
50. Эмпирикалық зерттеуге тән әдістерді белгілеңіздер.
51. Ғылымның ерекшеліктерін атап көрсетіңіздер.
52. Экономика фактілерді сипаттауды, түсіндіруді және алдын-ала болжауды және сонымен бірге іс-әрекеттерді бағыттауды мақсат ететін модельдердің түрлерін анықтаңыздар.
53. Ғылыми білімді қарама-қарсы көзқарастардың, нанымдардың, адасулардың, қателіктердің қақтығысы ретінде анықтаңыздар.
54. «Әдіс» түсінігінің мәнін ашыңыздар.
55. Табиғи және модельдік бағыттарды салыстырыңыздар.
56. Құрылымдық және функционалдық бағыттарды салыстырыңыздар.
57. Кешенді және жүйелік бағыттарды салыстырыңыздар.
58. Жүйелік зерттеулердің конструктивті бағыттарын анықтаңыздар.
59. Жүйелік талдауда қолданылатын әдістерді атаңыздар.
60. Шындықты әлеуметтік және жеке құндылық ретінде анықтаңыздар.
61. Индуктивтік процедураларды белгілеңіздер.
62. Дәлелдеу теориясын сипаттаңыздар.
63. Абсолютті және салыстырмалы негіздемені салыстырыңыздар.
64. Дәйектерді жіктеңіздер.
65. Философиялық әдістерге негізделген тәсілдерді белгілеңіздер.
66. Экономикалық ғылымдағы субъективтік және неопозитивті-эмпирикалық тәсілдерді салыстырыңыздар.
67. Танымның жалпы әдістерін белгілеңіздер.
68. Индуктивті және дедуктивті әдістерді сипаттаңыздар.
69. Ішкі басқарушылық және сыртқы қаржылық талдауларды салыстырыңыздар.
70. Экономикалық қызметтің негізгі функцияларын сипаттаңыздар.

71. Жетілген бәсеке нарығындағы фирманың өндірісін жалғастыру жағдайын шығындар және шекті түсім қисықтарын қолдана отырып көрсетіп беріңіз.
72. Сыртқы әсерлердің мәні, түрлері және ықпалын түсіндіріп беріңіз. Сыртқы оң әсердің ықпалын арттыру және теріс әсердің ықпалын бәсеңдету жолдарын қарастырыңыз.
73. Есептеу және қолдану әдістемесі тұрғыдан ЖІӨ дефляторының мәнін түсіндіріп беріңіз.
74. Экономикалық циклдің түрлі сатыларында экономикада орын алатын жағдайларға талдау жасап беріңіз. Экономикадағы цикл сатыларын график арқылы түсіндіріп беріңіз.
75. Салықтық ставка мен мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық түсімдер арасындағы байланысты Лаффер қисығы арқылы түсіндіріңіз, мысал келтіре отырып, талдау жасап беріңіз.
76. Инвестиция және жинақтау функциясын пайдалана отырып, IS қисығын салыңыз және IS қисығының мәнін түсіндіріп беріңіз.
77. Экономикадағы циклдік ауытқулар кезінде ынталандырушы және тежеуші бюджет-салық саясатын жүргізу ерекшеліктерін, олардың мүмкін салдарын, бюджет-салық саясатының мақсаты мен құралдарын түсіндіріп беріңіз.
78. Монетарлық экспансияны және рестрикцияны жүргізу мақсатын, құралдарын және тиімділігін түсіндіріп және олардың мүмкін салдарын сипат беріңіз.
79. Баумоль-Тобин үлгіні ақша нарығын талдауға қолдануды түсіндіріп беріңіз.
80. Міндетті резервтеу нормасын, есептік ставканы өзгерту арқылы орталық банк деңгейден ақша ұсынысына әсері туралы қорытынды жасап беріңіз.
81. Сезімтал және рационалды таным деңгейлерін ашып көрсетіп беріңіз.
82. Ғылымның дамуын басқарудың тиімді құралы ретінде ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен материалдық қолдауды сипаттап беріңіз.
83. Озық тәжірибені айқындайтын факторлардың ішіндегі ғылыми негізделген базаның сенімділігін құрайтын анықтап беріңіз.
84. Зерттелетін мәселеге нақты тарихи көзқарас әдіснамалық принципті ашып көрсетіңіз.
85. Жалпы және нақты экономикалық ғылыми зерттеу әдістерінің топтарын салыстырып беріңіз.
86. Неопозитивті-эмпирикалық көзқарасты сипаттап беріңіз.
87. Экономикалық ғылыми зерттеу әдістеріне сипаттап беріңіз.
88. Заң ретінде түсіндіруден, түзетулерден кейін гипотезаны сипаттаңыз.
89. Эмпирикалық және теориялық дәлелдеу түрлерін салыстырыңыз.
90. Ғылыми таным әдісі ретінде талдау мен синтезді салыстырыңыз.
91. Практикалық мағынасы бойынша тұжырымдаманы ашып көрсетіңіз.
92. «Кірістер-шығыстар» моделі негізінде табыстың сыртқа кетуі және түсуі ұғымдарын зерттеңіздер. Жауапты мысалдармен келтіріңіз.

93. Экономикалық агенттердің қандай шығындары оны есептеу кезінде ескерілетініне назар аудара отырып, шығындар бойынша жалпы ішкі өнімді есептеу әдісінің ерекшеліктерін анықтаңыздар.
94. Экономикалық агенттердің қандай табыстары оны есептеу кезінде ескерілетініне назар аудара отырып, табыстар бойынша жалпы ішкі өнімді есептеу әдісінің ерекшеліктерін анықтаңыздар.
95. Өндірістік мүмкіндіктер қисығын графикте бейнелеңіз, оны пайдалану мақсаттары бойынша түсіндірмелер жасаңыз.
96. Тұтынушы мен өндірушінің тепе-теңдігін графикалық түрде суреттеңіз. Нарықтық тепе-теңдік үшін жағдай жасау механизміне түсініктеме беріңіз.
97. Компанияның жетілген бәсекелестік нарығындағы саладан кету жағдайын графикалық түрде суреттеңіз. Жауапты түсіндіріңіз.
98. Таза ішкі өнім, ұлттық табыс, жеке табыс және қолда бар табыс көрсеткіштерінің макроэкономикалық мәнін анықтаңыз. Оларды есептеу әдістемесін сипаттаңыз.
99. Жеке, мемлекеттік және сыртқы жинақтарды есептеу әдістемесін қарастырыңыз. Жауапты мысалдармен беріңіз.
100. Жиынтық ұсыныстың оң және теріс соққыларын қарастырыңыз. Макроэкономикалық күйзелістерді тудыратын факторлардың мысалын қолдана отырып, AD-AS моделіндегі өзгерістерді көрсетіңіз.
101. Пайыздық мөлшерлеме мен инвестициялар арасындағы тәуелділікті анықтаңыз. Мұны алгебралық әдіспен және графикалық әдіспен орындаңыз.
102. Оукен заңын сипаттаңыз. Осы заңға сәйкес жұмыссыздық пен ЖІӨ арасындағы байланысты анықтаңыз.
103. Кейнстің крестін қолдана отырып, IS қисығын графикалық түрде сызыңыз. IS қисығының ығысуына әсер ететін факторларды анықтаңыз.
104. Жалпы білім құрылымында ғылыми білімнің негізгі түрлерін бөліп көрсетіңіз.
105. Шаруашылық жүргізудің нарықтық моделінің ерекшеліктерін анықтаңыз. Жауапты мысалдармен бірге беріңіз.
106. Ғылымның ерекшеліктерін көрсетіңіз, оның негізгі тұжырымдамаларын анықтаңыз.
107. Экономикалық зерттеулердегі табиғи және модельдік тәсілді салыстырыңыз.
108. Экономиканы зерттеудің құрылымдық және функционалдық тәсілдерін салыстырыңыз. Жауапты мысалдармен бірге беріңіз.
109. Абсолютті және салыстырмалы негіздеменің ерекшеліктерін анықтаңыз. Жауапты мысалдармен келтіріңіз.
110. Танымның жалпы әдістерін топтастырыңыз, оларды сипаттаңыз.
111. Ғылым логикасының негізгі мәселелерін анықтаңыз және ғылым құрылымына талдау жасаңыз.
112. Әдіснамалық білім деңгейлерін анықтаңыз және оларды сипаттаңыз.

113. Зерттеу әдістерін эмпирикалық және теориялық деңгейлерде қолдану туралы ойланыңыз. Жауапты мысалдармен бірге беріңіз.
114. Эмпирикалық зерттеулерге тән әдістерді анықтаңыз. Жауапты мысалдармен келтіріңіз.
115. ЖІӨ дефляторының мәнін, қолданылуын және есептеу әдістемесін түсіндіріңіз.
116. Пайыздық мөлшерлеменің экономикадағы инвестициялық сұранысқа әсер ету механизмін түсіндіріңіз.
117. Тұтынушылық таңдау теориясы тұрғысынан тұтынушылардың баға өзгерісіне реакциясын түсіндіріңіз.
118. Адамдардың рационалды мінез-құлқы туралы гипотезаның мәнін түсіндіріңіз.
119. Сұраныс теориясының негізі ретінде тұтынушылық мінез-құлық теориясын түсіндіріңіз.
120. Табыс эффектісі мен алмастыру эффектісін түсіндіріңіз.
121. Серпімділік теориясының практикада қолданылуына мысалдар келтіріңіз.
122. Жетілген бәсеке, монополия, монополиялық бәсеке және олигополия нарықтарына сипаттама беріңіз және олардың ерекше белгілерін түсіндіріңіз.
123. Жалпы ішкі өнімді өлшеу әдістерін атаңыз және салыстырыңыз.
124. Макроэкономикадағы жинақтардың түрлерін сипаттап, олардың экономикалық дамудағы рөлін көрсетіңіз.
125. Экономикалық циклдың мәнін түсіндіріңіз.
126. Филлипс қисығын пайдаланып жұмыссыздық пен инфляция арасындағы байланысты түсіндіріңіз.
127. Инфляцияның түрлерін жіктеп, олардың себептері мен салдарын қарастырыңыз.
128. Жалпы макроэкономикалық тепе-теңдіктің мәнін және оған қол жеткізу шарттарын түсіндіріңіз.
129. Еңбек нарығындағы тепе-теңдікті және жұмыспен қамту деңгейіне әсер ететін факторларды сипаттаңыз.
130. Инвестициялар мен пайыздық мөлшерлеме арасындағы өзара байланысты түсіндіріңіз.
131. IS-LM моделіндегі IS қисығының экономикалық мәнін түсіндіріңіз.
132. IS қисығының ығысуына әсер ететін факторларды сипаттаңыз.
133. Бюджет-салық саясатының мақсаты мен құралдары. Экономикадағы циклдік ауытқулар кезінде ынталандырушы және тежеуші бюджет-салық саясатын жүргізу ерекшеліктеріне тоқталыңыз және олардың мүмкін салдарын айқындап беріңіз.
134. Валюта бағамының мәнін ашыңыз. Сатып алу қабілеті паритетін түсіндіріңіз.
135. Макроэкономикадағы ақшаға сұраныстың негізгі теорияларын сипаттаңыз.

136. Бәсекелестік ортаны бағалауда нарықтық шоғырлану индекстерінің маңызын түсіндіріңіз.
137. Фискалдық және ақша-несие саясатының өндіріс пен валюта бағамына қалай әсер ететінін түсіндіріңіз.
138. Таным деңгейлерін ашыңыз: сезімтал және рационалды.
139. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың ғылым мен инновацияларды дамытудағы рөлін түсіндіріңіз.
140. Экономикалық модельдерді мақсаты бойынша жіктеп, олардың ерекшеліктерін сипаттаңыз.
141. Ғылыми негізделген базаның сенімділігін құрайтын озық тәжірибені анықтайтын факторларды анықтаңыз.
142. Әдіснамалық принципті ашыңыз: зерттелетін мәселеге нақты тарихи көзқарас.
143. Экономикадағы ғылыми зерттеу әдістерінің топтарын салыстырыңыз: жалпы және нақты.
144. Ғылыми зерттеулердегі эмпирикалық тәсілдің мәнін түсіндіріңіз.
145. Экономикадағы ғылыми зерттеу әдістерін сипаттаңыз.
146. Түсіндіруден кейін гипотезаны сипаттаңыз, түзетулер заң ретінде.
147. Дәлелдеу түрлерін салыстырыңыз: эмпирикалық және теориялық.
148. Талдау мен синтезді ғылыми таным әдісі ретінде салыстырыңыз.
149. Зерттеу үдерісіндегі ғылыми тұжырымдаманың маңызын түсіндіріңіз.

### 3-ші деңгей

1. Өндірістік мүмкіндіктер қисығының көмегімен балама шығындарды түсіндіріңіз және экономиканың тиімді жағдайына қатысты қорытынды жасаңыз.
2. Нарықтағы бағаның тепе-теңдік бағадан ауытқуы кезінде орын алатын нарықтағы жағдай туралы қорытынды жасаңыз. Нарықтық тепе-теңдік моделін құрыңыз.
3. Сұраныс заңының бұзылу жағдайларын қарастырыңыз. Гиффен тауарлары және Веблен әсеріне қатысты пікіріңізді білдіріңіз.
4. А.Смиттің «су мен алмаздың парадоксы» тұжырымдамасына қатысты сыни пікір білдіріңіз.
5. Кемімелі шекті пайдалылық заңының мәнін (Госсеннің I заңы) ашып көрсетіңіз. Бұл заң әрдайым сақталуы мүмкіндігіне қатысты сыни тұрғыдан пікір білдіріңіз.
6. Тұтынушы бюджетінің шектеулігі. Пайдалылықты мейлінше арттырудың шартын (Госсеннің II заңы) түсіндіріп, қорытынды жасаңыз.
7. Кемімелі шекті өнімділік тұжырымдамасы теориялық тұрғыдан зерттелмегендігіне қарамастан, практикада дәлелденген. Осыған қатысты пікір білдіріңіз.

8. Шекті және орташа шығындардың өндіріс көлемін анықтаудағы маңызы туралы қорытынды жасаңыз. Өндіріс шығындарын төмендетудің мүмкін жолдарын ұсыныңыз.
9. Бәсекені дамытудың қажеттілігіне тоқталыңыз. Қазақстандағы бәсекені қолдау мен дамыту тетіктеріне қатысты пікіріңізді айтыңыз.
10. Монополия нарығын мемлекеттік реттеудің қажеттілігіне, құралдарына және монополияға қарсы саясаттың салдарына қатысты пікіріңізді білдіріңіз. Қазақстандағы антимонополиялық саясаттың тиімділігін бағалаңыз.
11. Лернер индексінің мәні бойынша фирманың нарықтағы билік дәрежесі жөнінде жасалатын қорытындыларға тоқталыңыз.
12. Хиршман-Херфиндаль индекстерінің есептеу әдістемесін көрсетіңіз және мағыналарын түсіндіріп беріңіз.
13. Д.Рикардоның салыстырмалы артықшылықтар теориясы мен А.Смиттің абсолютті артықшылықтар теориясының негізгі идеясына қатысты пікір білдіріңіз.
14. Жалпы ішкі өнімді есептеудегі проблемаларды қарастырып, оларға сыни тұрғыдан пікіріңізді білдіріңіз.
15. ЖІӨ дефляторы көрсеткішінің негізінде инфляция туралы жасалуы мүмкін қорытындыларға тоқталыңыз.
16. Жалпы ішкі өнімді арттырудағы инвестицияның рөлін бағалаңыз.
17. «Біғыстыру мәселесі» тұрғысынан алып қарағанда мемлекеттің бюджет-салық саясатының теріс салдарына сыни пікіріңізді білдіріңіз.
18. Жиынтық ұсыныс сілкінісі орын алған жағдайда мемлекеттің тұрақтандыру саясаты жүргізіледі. Бұл саясаттың мәнін түсіндіріңіз. График салыңыз. Мемлекеттің тұрақтандыру саясатының салдары туралы қорытынды жасаңыз.
19. Қазақстандағы антиинфляциялық шаралар туралы айтыңыз, олардың нәтижелілігіне қатысты ойыңызды білдіріңіз.
20. Қазақстанның бюджет-салық саясатының ерекшелігі туралы айтыңыз, олардың нәтижелілігіне қатысты ойыңызды білдіріңіз.
21. Бюджет-салық саясатының экономикадағы мультипликативтік әсері туралы пікіріңізді білдіріңіз.
22. Орталық банктің міндетті резервтерінің құрылуы. Міндетті резервтеу нормасын өзгерту арқылы Орталық банктің ақша ұсынысына әсері туралы қорытынды жасаңыз.
23. Орталық банктің есептік ставканы өзгерту әрекетінің ақша ұсынысына әсері туралы қорытынды жасаңыз.
24. Орталық банктің ашық нарықтағы операцияларына және олардың ақша нарығына әсері туралы пікіріңізді білдіріңіз.
25. Қазақстанның сыртқы сауда саясатының ерекшеліктеріне тоқталыңыз және оның нәтижелілігіне қатысты сыни тұрғыдан баға беріңіз.

26. Еркін сауданы дамытудың қажеттілігі. Еркін сауданың кемшіліктеріне қатысты сыни тұрғыдан пікір беріңіз.
27. Ұлттық валютаны девальвациялау шараларының мақсатын түсіндіріңіз, оның оң және теріс тұстарына сыни тұрғыдан пікір білдіріңіз.
28. Қазақстанның валюта саясатының ерекшелігі туралы айтыңыз, оның нәтижелілігіне қатысты ойыңызды білдіріңіз.
29. Әр түрлі валюта бағамы тұсында жүргізілетін ақша-несие және бюджет-салық саясаттарының тиімділігіне қатысты салыстырмалы талдау жасаңыз.
30. Төлем балансының тапшылығын жою әдістері. Төлем балансының теңгерімділігін қамтамасыз етудің қажеттілігіне қатысты ойыңызды білдіріңіз.
31. Сыртқы сауданы реттеудегі ақша-несие, бюджет-салық және валюта саясатының рөліне баға беріңіз.
32. Хекшер-Олиннің сыртқы сауда саясатына қатысты тұжырымына сыни тұрғыдан пікіріңізді білдіріңіз.
33. Сыртқы сауда саясатының заманауи теорияларын қарастырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.
34. Мемлекеттік қарыз мәселесі. Мемлекеттің сыртқы қарызын жабуға қатысты сыни тұрғыдан пікір білдіріңіз.
35. Дамыған елдердегі экономикалық өсудің факторларын қарастырыңыз. Қазақстан экономикасының өсу мүмкіндіктері мен негізгі факторларын бағалаңыз.
36. Ғылыми зерттеудің негізгі белгілерін әзірлеңіздер.
37. Ғылыми білімдердің жүйесі ретіндегі ғылымға қойылатын спецификалық талаптарды қалыптастырыңыздар.
38. «Әдістеме» терминін ғылыми білім деңгейіне қолдануды дамытыңыздар.
39. Адамның логикалық ойлауын құрылымдаңыздар.
40. Ғылым облысындағы заманауи саясатты жобалаңыздар.
41. Теорияның сыртқы негіздерін тұжырымдаңыздар.
42. Ғылым әдіснамасының артықшылықтарын тұжырымдаңыздар.
43. Диалектика заңдарының шектеулері мен артықшылықтарын тұжырымдаңыздар.
44. Ғылыми зерттеулердің негізгі әдіснамалық қағидаларын құрылымдаңыздар.
45. Зерттеушілер міндетті түрде ескеруі тиіс жеке қағидаттық талаптарды тұжырымдаңыздар.
46. Зерттеу тәсілдерін жасаңыздар.
47. Жүйелік талдаудың шектеулері мен артықшылықтарын тұжырымдаңыздар.
48. Жүйелік талдаудың шектеулері мен артықшылықтарын жобалаңыз.

49. Жүйелерді ұсынуды рәсімдеу әдістері бойынша қорытындыларды құрылымдаңыздар.
50. Мәселе бойынша экономикадағы жүйелік талдау үдерісінің кезеңдерін жасаңыздар, жүйелік тәсіл қағидаларын анықтаңыздар.
51. Экономикалық зерттеулерді жүргізу үшін ғылыми негізделген ақпараттық базаның қажеттілігін тұжырымдаңыздар.
52. Статистикалық зерттеулерде пайдаланылатын әлеуметтік әдістерді тұжырымдаңыздар.
53. Мәліметтерді жинақтауды және топтастыруды құрылымдаңыз.
54. Экономикалық құбылысты модельдеу сатыларын әзірлеңіздер.
55. Модельдердің негізгі типтерін әзірлеңіздер.
56. Экономика-математикалық зерттеу әдістерін тұжырымдаңыздар.
57. Статистикалық зерттеулердегі әлеуметтік әдістер.
58. Мәліметтерді жинақтау мен топтастыру бойынша қорытынды жасаңыздар.
59. Зерттеушілік бағыттар бойынша қорытынды жасаңыздар.
60. Экономикада салыстырмалы талдауды қолдану жөнінде қорытынды жасаңыздар.
61. Қаржылық талдау модельдеріндегі негізгі көрсеткіштер арасындағы байланысты құрылымдаңыздар және бірдейлендіріңіздер.
62. Ғылым облысындағы заманауи саясат туралы қорытынды жасаңыздар.
63. Экономикалық талдауды жүргізудің жалпы сызбасын әзірлеңіздер.
64. Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері бойынша қорытынды жасаңыздар.
65. Орташа және салыстырмалы шамаларға мысал келтіріңіздер.
66. Мәліметтердің салыстырылуының негізгі шарттарын әзірлеңіздер.
67. Факторлық талдау бойынша қорытынды жасаңыздар.
68. Статистиканы ақпаратты алу құралы ретінде тұжырымдаңыздар.
69. Қазіргі жағдайлардағы статистиканың міндеттерін әзірлеңіздер.
70. Экономикалық үдерістердің негізгі деңгейлерін әзірлеңіздер.
71. Тепе-теңдік бағадан нарықтағы бағаның ауытқуы кезінде орын алатын нарықтағы мәселелер туралы қорытынды құрыңыз. Нарықтық тепе-теңдік моделін құрастырыңыз
72. Сұраныс заңының бұзылу жағдайларын айқындаңыз. Гиффен тауарлары және Веблен әсерін сипаттап беріңіз
73. Орташа және шекті шығындардың өндіріс көлемін айқындаудың өзектілігі туралы қорытынды шығарыңыз. Өндіріс шығындарын төмендетудің мүмкін жолдарын құрастырыңыз
74. Хиршман-Херфиндаль индексінің есептеу әдістемесін айқындап беріңіз және мағыналарын ашып түсіндіріңіз
75. Жалпы ішкі өнімді арттырудағы жеке тұтыну шығындары мен инвестицияның ролін бағалаңыз

76. Қазақстандағы инфляцияға қарсы шаралар көрсетіңіз, олардың нәтижелігіне қатысты сын пікір беріңіз
77. Тұтыну мен жинақтау динамикасына әсер ететін факторларды кейінгі және классикалық теориялар тұрғысынан түсіндіріңіз
78. Ақша ұсынысына әсер ететін Орталық банктің есептік ставканы өзгерту шара туралы қорытынды түсіндіріңіз
79. Елдің жиынтық табысының қалыптасуына мемлекеттің үлесін сипаттаңыз
80. Ақша-несие, бюджет-салық және валюта саясатының сыртқы сауданы реттеу тәңірегінде өткізілетін шаралар маңыздылығын түсіндіріңіз
81. Ашық экономиканы талдауда қолданылатын Манделл-Флеминг үлгісін салыңыз және оның мәнін түсіндіріңіз
82. Маркетингтік зерттеулерге негізделген жүйелік тәсілді қолданған кезде «шығу», «кіру» параметрлерін тұжырымдаңыз
83. Ғылым әдіснамасының артықшылықтары туралы қорытынды жасаңыз
84. Диалектика заңдарының шектеулері мен артықшылықтары туралы қорытынды жасаңыз
85. Үлгі түрлерін тұжырымдаңыз: сипаттамалық, предикативті және реттеуші
86. Жүйелік талдау бойынша қорытынды жасаңыз
87. Логикалық-әдіснамалық схеманы жүйелік талдаудың негізгі мәні ретінде тұжырымдаңыз
88. Сыртқы орта және тұтастық сияқты ұғымдарды тұжырымдаңыз
89. Топтастыру белгілері бойынша қорытынды жасаңыз: сапалық, сандық, кеңістік белгілері және уақыт белгісі
90. Қазіргі кезеңдегі статистиканың негізгі міндеттері туралы қорытынды жасаңыз
91. Статистикалық зерттеу кезеңдерін жасаңыз
92. Жаппай бақылау әдісі бойынша қорытынды жасаңыз
93. Хекшер-Олиннің сыртқы сауда саясатына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз
94. Сыртқы сауда саясатының заманауи теориялары туралы олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсете отырып, өз пікіріңізді білдіріңіз
95. Дамыған елдердегі экономикалық өсу факторлары туралы өз пайымдарыңызды келтіріңіз және Қазақстан экономикасы өсуінің негізгі факторларына баға беріңіз
96. Өндірістік мүмкіндіктер қисығын қолдана отырып, мүмкін шығындар туралы өз ойыңызды келтіріңіз және экономиканың тиімді жағдайына қатысты қорытынды жасаңыз
97. Теориялық тұрғыдан зерттелмеген болса да, іс жүзінде дәлелденген шекті өнімділіктің кему тұжырымдамасына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз

98. Бәсекелестікті дамытуға қатысты, атап айтқанда Қазақстандағы бәсекелестікті қолдау және дамыту тетіктеріне қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз
99. ЖІӨ өлшеуіндегі мәселелер мен оны бағалаудың дәлдігі туралы сыни көзқарасыңызды білдіріңіз
100. ЖІӨ дефляторы көрсеткішіне негізделген инфляция туралы тұжырымдардың мүмкін нұсқаларын қалыптастырыңыз
101. Мемлекеттің бюджет-салық саясатының ерекшеліктерін негіздеңіз және оның нәтижелілігіне қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз
102. Ұлттық Банктің міндетті резервтерін қалыптастыруды және олардың міндетті резервтеу нормасын өзгерту жолымен ақша ұсынысына әсерін негіздеңіз
103. Ұлттық Банктің ашық нарықтағы операциялары және олардың ақша нарығына әсері туралы өз пікірлеріңізді айтыңыз
104. Мемлекеттің сыртқы сауда саясаты туралы өз пікіріңізді айтыңыз және оның нәтижелілігін сыни бағалаңыз
105. Еркін сауданы дамытудың ерекшеліктері туралы өз пікіріңізді айтыңыз және оның кемшіліктеріне сыни көзқарасыңызды білдіріңіз
106. Ұлттық валютаның девальвациясының мақсаттарын негіздеңіз және оның оң және теріс жақтары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз
107. Ғылыми зерттеудің негізгі белгілері туралы өз пікіріңізді білдіріңіз. Жауапты мысалдармен келтіріңіз
108. Ғылыми экономикалық зерттеулердегі адамның логикалық ойлауының рөлі мен формаларына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз
109. Теорияның сыртқы негіздеріне қатысты өз пікіріңізді көрсетіңіз. Жауапты мысалдармен келтіріңіз
110. Ғылыми зерттеудің негізгі әдіснамалық принциптерін олардың маңыздылығы тұрғысынан бағалаңыз. Жауапты мысалдармен келтіріңіз
111. Экономикалық ғылымдағы зерттеу тәсілдеріне қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз. Жауапты мысалдармен келтіріңіз
112. Статистикалық зерттеулерде әлеуметтік әдістерді қолдану туралы өз пікіріңізді білдіріңіз
113. Экономикадағы модельдердің негізгі типтері туралы өз пікіріңізді білдіріңіз. Жауапты мысалдармен келтіріңіз
114. Ғылыми зерттеулерде факторлық талдауды қолдану туралы өз пікіріңізді білдіріңіз. Жауапты мысалдармен келтіріңіз
115. Экономикалық зерттеу барысында ақпарат алу құралы ретінде статистиканың орындылығы туралы өз пікіріңізді білдіріңіз. Жауапты мысалдармен бірге беріңіз

116. Төлем балансының тапшылығын қысқарту бойынша шараларды әзірлеу үшін макроэкономикалық саясат құралдарын қолданыңыз
117. Елдер арасындағы халықаралық сауда құрылымын түсіндіру үшін Хекшер–Олин моделін қолданыңыз
118. Елдердің сыртқы сауда мамандануын түсіндіру үшін халықаралық сауданың заманауи теорияларын қолданыңыз
119. Қазақстан экономикасының өсу факторларын түсіндіру үшін экономикалық өсу модельдерін қолданыңыз
120. Дағдарыстың оң және теріс салдарының мәнін ашыңыз. Жауабыңызды дәлелдеңіз
121. Хикс пен Маршалл бойынша нарықтық сұраныстың ұқсастығы мен айырмашылығын түсіндіріңіз
122. Эрроу-Дебре моделі бойынша сыни ескертулерді тұжырымдаңыз
123. Г. Госсеннің бірінші және екінші заңдарының мәнін ашыңыз
124. Нарықтың негізгі функцияларының өзара байланысын түсіндіріңіз
125. Саладағы бәсекелестік деңгейін бағалау үшін нарықтық шоғырлану көрсеткіштерін пайдаланыңыз
126. Макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып, ғылыми-техникалық прогрестің экономикалық өсуге әсерін көрсетіңіз
127. Халықаралық сауданың бағыттарын түсіндіру үшін абсолюттік және салыстырмалы артықшылықтар теорияларын қолданыңыз
128. Ұсынылған деректер негізінде номиналды және нақты ЖІӨ көрсеткіштерін есептеп, түсіндіріңіз
129. Мемлекеттік шығындардың өзгеруі мысалында ығыстыру әсерінің әрекетін көрсетіңіз
130. Қазақстанда ЖІӨ-нің шығынын (толық өндірілмеуі) Оукен заңына сәйкес есептеңіз
131. Сіз Дж.М. Кейнстің «негізгі психологиялық заңымен» келісесіз бе? Жауабыңызды дәлелдеңіз
132. Ақша ұсынысына әсер ететін Ұлттық банктің есептік ставканы өзгерту шара туралы қорытынды түсіндіріңіз
133. Ұсынылған экономикалық жағдайды шешу үшін сыртқы сауда саясатының құралдарын қолданыңыз
134. Тауарлар мен қызметтердің халықаралық алмасуындағы өзгерістерді түсіндіру үшін еркін сауда тұжырымдамасын қолданыңыз
135. Жаңа ғылыми нәтижелер алу нұсқаларын тұжырымдаңыз
136. Ұйымның ғылыми-зерттеу қызметін дамыту бағдарламасының жобасын әзірлеңіз
137. Қазіргі заманғы білім берудегі ғылымның рөлін негіздеңіз

138. Ғылыми зерттеу жоспарын әзірлеу барысында әдіснамалық қағидаттарды қолданыңыз
139. Нақты материалды іріктеу және бағалау қағидаттарын тұжырымдаңыз
140. Ғылыми зерттеудің жалпы ғылыми әдістері бойынша қорытынды жасаңыз
141. Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлаудың негізгі кезеңдерін тұжырымдаңыз
142. Эмпирикалық және теориялық білім арасындағы айырмашылықты тұжырымдаңыз
143. Қоғамдық өндірістегі корреляциялық байланыстарды және олардың экономикалық құбылыстар мен процестер арасындағы тәуелділікті зерделеудегі рөлін негіздеңіз
144. Экономикалық зерттеу нәтижелерін өңдеу және түсіндіру үшін статистикалық әдістерді пайдаланыңыз
145. Таным теориясының құрылымдық компоненттерін тұжырымдаңыз
146. Ғылыми зерттеулерді «мақсаттар ағашы» әдісімен болжау кезеңдерін әзірлеңіз